



ҚАУЛЫ

2020 жылғы 10 қыркүйек
Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *504-22*
город Нур-Султан

Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің
қалалық операторын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңының 9-бабының 19-13) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) қосымшаға сай функциялар жүктеле отырып, Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалалық операторы ретінде белгіленсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының қалалық ортаны регенерациялау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау бақылау өзіме жүктелсін.

Әкімнің міндетін атқарушы

А. Әмрин
А. Әмрин

Әкімнің орынбасары

Н. Нұркенов

Әкімінің орынбасары

Б. Мәкен

«Нұр-Сұлтан қаласы
әкімінің аппараты» мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Е. Байкен

«Нұр-Сұлтан қаласы
әкімінің аппараты» мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік-құқықтық
бөлім басшысы

Ж. Шәукентаев

**«Нұр-Сұлтан қаласының қалалық
ортаны регенерациялау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы**

 **С. Сәрсенғалиев**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Қалалық мониторинг және жедел
әрекет ету орталығы» мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны
басшысының міндеттерін атқарушы**

 **Ж. Дүбірова**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы «10» _____
қаулысына
№ 504-дд
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының функциялары

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының функциялары:

1) коммуналдық тұрғын үй шаруашылығын энергиямен, сумен, газбен және жылумен жабдықтау және Нұр-Сұлтан қаласы инфрақұрылымының басқа да тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

2) халықтан, тұрғын үй-коммуналдық қызмет тұтынушыларынан тіршілікті қамтамасыз ету және тыныс-тіршілік мәселелері бойынша қоңыраулар мен өтініштерді қабылдау, тіркеу және өңдеу, өтініштерді ақпараттық жүйеге тіркеу және оларды мемлекеттік органдарға, Нұр-Сұлтан қаласының ұйымдары мен коммуналдық қызметтеріне атқаруға жіберу;

3) төтенше, дағдарыстық және штаттан тыс жағдайларда, соның ішінде желдің күшеюі, ауа температурасының төмендеуі және білім беру ұйымдарында сабақтардың болмауы, көктайғақ, жаңбыр, жолдағы кептелістер, автобус бағыттарының өзгеруі, электр энергиясы мен т. б. өшірілуі туралы азаматтарға хабарлау;

4) бейнебақылау камералары арқылы Нұр-Сұлтан қаласындағы тіршіліктің қамтамасыз етілуіне, қауіпсіздігіне және жол-көлік жағдайына мониторинг жасау, оның ішінде бейнебақылау камераларынан алынған бейнематериалдарды сақтау, мұрағаттау, құқық қорғау органдарының, соттардың, адвокаттардың, жеке және заңды тұлғалардың сұраулары бойынша беру;

5) азаматтардың өтініштерінің қорытындысы бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және талдау, қаланың жүйелі және резонанстық мәселелерін анықтау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға ақпараттық, ақпараттық-анықтамалық және ақпараттық-талдау материалдарын дайындау;

6) 1-1-2 бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметпен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, шұғыл мәселелер бойынша өтініштерді қабылдау, қаланың жедел шұғыл қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау; қаланың жедел шұғыл қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау; төтенше жағдайлар аймағындағы жағдай және оны жою бойынша жұмыстарды жүргізу барысы туралы ақпарат жинау, талдау және алмасу, оның ішінде кезекші-диспетчерлік станциялардың бірлескен іс-қимылдары бойынша ақпарат пен ұсынымдарды астананың тиісті

басқару органдарына, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жоюға тартылған барлық кезекші-диспетчерлік станцияларға жеткізу; 7) денсаулық сақтау, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету;

8) бағдарламалық және сервистік өнімдерді пайдалана отырып, ақпараттық-әдіснамалық қамтамасыз ету және сүйемелдеу;

9) тіршілікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері бойынша семинарлар мен тәжірибе алмасу бойынша тренингтер өткізу.
